



Тіркеу № 7942

## АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ САЯСАТЫ

Ұшу қауіпсіздігі туралы деректер мен ақпаратты және олардың тиісті көздерін қорғаудың мақсаты ақпаратты ұшу қауіпсіздігінің деңгейін арттырудан және әділ мәдениетті іске асырудан басқа, өзге мақсаттарда пайдалануды болғызбау ниеті болып табылады.

1. Қызметкер байқаусыз әрекеттер нәтижесінде туындаған ұшу қауіпсіздігіне байланысты қауіп-қатерлер немесе оқиғалар туралы шындықты өзі ашып айтқан жағдайда осы қызметкерге қатысты тәртіптік жаза қолданылмайды.
2. Ұшу қауіпсіздігі департаментінің қызметкері қауіп-қатерлер, тәуекелдер және авиациялық оқиғалар туралы ерікті/міндетті хабарлама ұсынған жеке тұлғаны құпия ұстауға және тек иесіздендірілген деректерді пайдалануға міндетті.
3. Деректер базасындағы (әкімші құқықтары) толық ақпаратқа тек ұшу қауіпсіздігі департаментінің директоры, ұшу қауіпсіздігі жөніндегі аға инспектор, сондай-ақ дерекқорды жүргізуге жауапты ДҚБЖ жөніндегі маман ғана қол жеткізе алады.
4. Тергеп-тексеру (ішкі/сыртқы) жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке және (немесе) заңды тұлғалар, басқа да мемлекеттік органдар тарапынан тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның қызметіне араласуға жол берілмейді.
5. Қызметкер зиян келтіру ниетімен немесе зиян келтірілуі мүмкін екенін түсініп іс-әрекеттер жасағаны дәлелденген жағдайларда немесе абайсызда, қасақана заңсыз мінез-құлық пен өрескел немқұрайлылыққа баламалы іс-әрекеттер жасаған жағдайда, басшылық осы адамға қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын ескере отырып, тәртіптік жаза рәсімін қолдана алады.

«Халықаралық Алматы әуежайы»  
АҚ президенті

Гокер Косе

«09» 12 2024